

СЫРТҚЫ ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ МОДЕЛІ (Әдістемелік ұсынымдар)

Кіріспе

Сыртқы жиынтық бағалау моделі (бұдан әрі – ЖБ моделі) «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның NIS-Programme білім беру бағдарламасына (бұдан әрі – Білім беру бағдарламасы) сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыратын «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының филиалдары (бұдан әрі – Зияткерлік мектептер) 10, 11 және 12-сыныптарындағы сыртқы бағалау мақсаттарын, қағидалары мен оны әзірлеу, өткізу және нәтижелерін талдау тәсілдерін, сондай-ақ емтихандар өткізілетін пәндерді анықтайды.

Модель инновациялық, сондай-ақ халықаралық деңгейде танылған сыртқы бағалауды өткізу мен ұйымдастыру тәжірибелерінен тұрады. Модельде сипатталған рәсімдер «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның стратегиялық серіктестігі – Халықаралық білім беру мәселелері бойынша Кембридж бағалау кеңесі пайдаланатын рәсімдерге қойылатын талаптарға сәйкес келеді.

1. Бағалаудың мақсаты мен қағидалары

Модель әртүрлі бағалау түрлерін: жазбаша емтихан, практикалық, курстық жұмыстар сияқты т.б. жұмыстарды қамтиды.

Алдына қойған мақсатына қарамастан бағалау **валидті, сенімді және әділ** болуы тиіс. Бағалау моделінің бұл талаптарға қаншалықты және қалай жауап беретінін шешуде бірінші кезекте бағалау нәтижесі қалай қолданылатынын білу маңызды. Бұл модельде айтылған емтихандар сыртқы жиынтық бағалау құралы ретінде алынады. Емтихан нәтижелері оқушылардың меңгерген білімдерінің деңгейін және Зияткерлік мектептер түлектерінің өздері таңдаған мамандықтар бойынша оқуды жалғастыру үшін алған білімдерін қаншалықты тиімді пайдалана алатындығын анықтауға мүмкіндік береді.

Анықтық

Модельде анықтықтың екі негізгі қағидасы бар.

Біріншіден, емтихан материалдары оқушының пән бойынша білім деңгейін, түсінігі мен дағдыларын анықтап, оқу мақсаттарына жетуді қамтамасыз етуі қажет (пән бойынша курстың аяқталуы, жоғарғы оқу орындарына түсуі т.б.).

Екіншіден, емтихан материалдары оқу бағдарламасының барлық аспектілері бойынша әрбір оқушының қаншалықты білім алғанын бағалауға мүмкіндік беруі тиіс.

Әділдік

Сыртқы жиынтық бағалау әділ болуы үшін емтихан материалдарын жоғары білікті мамандар әзірлеуі және оқушылар өздерінен не талап етілетінін нақты түсінуі тиіс.

Балл қою кестесі барлық емтихан алушылар бір стандартқа сәйкес бірдей балл қоятындай етіп әзірленуі тиіс.

Орындаушылығы

Емтихан оқушының пән бойынша өз білімі мен дағдыларын көрсете алатындай жеткілікті сұрақтар санынан тұруы шарт. Емтихан уақыты қамтылған сұрақтар саны мен сұрақтың күрделілігіне сәйкес белгіленуі тиіс.

Ықпал

Сыртқы жиынтық бағалаудың нәтижесі екі бағытта ықпал етеді.

Біріншіден, оқу бағдарламасы бойынша оқыту мен оқуға әсер етеді. Ұстаздар да, оқушылар да оқу жылының соңында жоғары нәтиже көрсетуге тырысады.

Екіншіден, келесі сыныпта, университетте немесе жұмыста үлгерімін жақсартуға әсер етеді. Сауатты құрылған сыртқы жиынтық бағалау (емтихан) оқытуға оң әсер етеді де, оқушыға келесі білім сатысында қолдау көрсетеді.

Модель сыртқы жиынтық бағалауды сипаттайды. Қалыптастырушы және жиынтық бағалаулардың өзара байланысы туралы ақпарат Критериалды бағалаудың моделінде берілген.

2. Сыртқы жиынтық бағалау

Сыртқы жиынтық бағалау емтихандары 10, 11 және 12 сыныптарды аяқтағаннан кейін өткізіледі. Емтихан материалдарын «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының «Педагогикалық өлшеулер орталығы» филиалы (ПӨО) әзірлейді және бағалайды. Жоғары сапаны қамтамасыз ету мақсатында емтихан материалдарына сараптама жасау, бағалау рәсімдерін бақылау және емтихан материалдарын Кембридж Университеті мен басқа да жоғары оқу орындарының аккредиттеуі/тануы үшін шетелдік ұйымдар/сарапшылар тартылуы мүмкін.

Курстық жұмыстарды бағалауды Зияткерлік мектептердегі мұғалімдер жүзеге асырады. Мұғалімдер қойған бағаларды ЦПИ қызметкерлері модерациялайды.

Тиісті мемлекеттік органдардың шектеу шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар қолданылған жағдайларда ДББҰ Басқармасының шешімімен тиісті оқу жылына арналған сыртқы жиынтық бағалау моделі бекітіледі және қолданылады.

10-сыныпта оқушылар негізгі мектепті бітіргеннен кейін белгілі бір пәндер бойынша сыртқы жиынтық бағалаудан өтеді. 11-сыныпта сыртқы жиынтық бағалау жоғары мектептің жекелеген пәндерін оқуды аяқтағаннан кейін жүргізіледі. 12-сынып оқушылары да оқуды аяқтағаннан кейін тиісті пәндер бойынша сыртқы жиынтық бағалаудан өтеді.

10-сынып

Міндетті пәндер:

Қазақ тілі мен әдебиеті (Т1) / Русский язык и литература (Я1) оқушылардың оқу тіліне байланысты;

Қазақ тілі (Т2) / Русский язык (Я2) оқушылардың оқу тіліне байланысты;

Математика;

Қазақстан тарихы.

Таңдау пәндері:

Оқушылар келесі пәндердің ішінен біреуін таңдайды:

Биология;

Химия;

Физика;

Информатика.

10 сыныпта оқуды аяқтау қорытындысы бойынша бір оқушы 5 пән бойынша емтихан тапсырады.

11-сынып

Міндетті пәндер:

Қазақ тілі мен әдебиеті (Т2) / Русский язык и литература (Я2) оқушылардың оқу тіліне байланысты;

Ағылшын тілі.

11 сыныпта оқуды аяқтау қорытындысы бойынша бір оқушы 2 пән бойынша емтихан тапсырады.

12-сынып

Міндетті пәндер:

Математика;

Қазақстан тарихы;

Қазақ тілі мен әдебиеті (Т1) / Русский язык и литература (Я1) оқушылардың оқу тіліне байланысты.

Таңдау пәндері:

Оқушылар келесі пәндердің ішінен екеуін таңдайды::

Биология;

Химия;

Физика;

Информатика;

География (қосымша, егер осы пән жоғары мектепте оқу үшін таңдалған болса).

12-сыныпта оқуды аяқтау қорытындысы бойынша бір оқушы 5-6 пән бойынша емтихан тапсырады.

3. Стандарттар және қабылдау

Жиынтық бағалаудағы стандарттар мен сапа

Зияткерлік мектептердің Білім беру бағдарламасы бойынша 9–12 сыныптардағы пәндерге берілген сағат саны әртүрлі. Халықаралық деңгейдегі Cambridge IGCSE стандарттарына сәйкес келуі үшін 9–12 сыныптардың көптеген пәндеріне жеткілікті сағат саны берілген.

11–12 сынып пәндерінің көпшілігіне Халықаралық деңгейдегі Cambridge International AS / A-Level стандартына сәйкес келетіндей жеткілікті сағат бөлінген.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ сыртқы жиынтық бағалау нәтижесімен мектепті аяқтау туралы құжаттарды тану бойынша Қазақстан Республикасының университеттерімен және халықаралық университеттермен жұмыс жасап жатыр.

4. Жиынтық бағалаудың тәсілдері

Модель сыртқы жиынтық бағалауды жүргізудің әртүрлі тәсілдерін ұсынады. Кейбір пәндер бойынша бірден бірнеше әдісті қолдануға болады. Мысалы, ғылыми жаратылыстану пәндері бойынша емтихандар практикалық бөлім мен жазбаша тапсырмаларды қамтуы мүмкін, бұл білімді кешенді түрде бағалауды қамтамасыз етеді.

5. Тілдік пәндерді бағалау

Тілдік пәндерді бағалау Зияткерлік мектептердегі үштілділік саясатына сәйкес құрылған, оның негізгі мақсаты – оқушыларды үштілді ортада оқыту және оқытуды қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде бағалау.

Жалпыеуропалық тілдерді меңгеру деңгейлері жүйесі (CEFR) үш тілдегі жетістіктер стандарттарын салыстыру үшін жалпы эталон ретінде қолданылады.

Зияткерлік мектепті бітіргеннен кейін бірінші, екінші және үшінші тілдерді меңгерудің жоспарланған деңгейі сәйкесінше CEFR бойынша C2, C2 және C1 болады.

6. Ғылыми жаратылыстану пәндері бойынша бағалау

12-сыныптағы «География» пәнін қоспағанда, жаратылыстану пәндері бойынша емтихандарда теориялық-практикалық немесе практикалық емтихан жұмысы нысанында бағалау жүзеге асырылады.

Мұндай емтихан жұмыстары оқушылардың түсіндіру және бақылаулар мен эксперименттік деректерге баға беру қабілеттерін, сондай-ақ зерттеуді жоспарлау, әдістерді

таңдау және эксперимент жүргізуді жақсарту жолдарын ұсыну дағдыларын бағалауға мүмкіндік береді. Оқушылар тапсырмаларды топпен орындамайды, себебі емтихандар жеке жұмыс жасауға бағытталған. Әр оқушы өз білімі мен дағдыларын көрсете отырып емтихан тапсырмаларын өз бетінше орындайды.

Ғылыми жаратылыстану пәндері бойынша теориялық-практикалық немесе практикалық емтихан жұмысы 10 және 12-сыныптардағы сыртқы жиынтық бағалау емтиханының бөлігі болып табылады және мыналарды қамтиды:

- деректер мен бақылауларды жинақтау;
- өлшеулер мен бақылаулар туралы шешім қабылдау;
- деректер мен бақылауларға назар аудару;
- анализ, қорытынды шығару және бағалау.

7. Сыныптар бөлінісіндегі пәндер бойынша бағалау сипаттамасы

7.1

10-сынып

10-сыныптағы сыртқы жиынтық бағалау негізгі мектеп мазмұнын қамтиды. Оқушылар оқу тілінде емтихан тапсырады, бұл олардың өз білімдерін толық түсінуге және жеткізуге ықпал етеді. Оқушылардың білім деңгейін, біліктері мен дағдыларын анықтау үшін әртүрлі тапсырма түрлері мен типтері, сондай-ақ қиындық деңгейлері әртүрлі және бірнеше компоненттен тұратын тапсырмалар пайдаланылуы мүмкін.

7.1.1 Математика

Емтихан материалы оқушылардың математикалық фактілерді, ұғымдар мен әдістерді көрсету, таңдау және пайдалану, есептер шығаруда ұтымды тәсілді таңдау және тиісті әдісті қолдану, математикалық тәсілдер мен әдістерді қолдана отырып жағдайларды модельдеу қабілеттерін бағалауға бағытталған тапсырмалардан тұрады.

7.1.2 Қазақстан тарихы

Емтихан материалы оқушылардың тарихи құбылыстарды, оқиғалар мен процестерді түсіну, әртүрлі дереккөздерді түсіндіру, сондай-ақ негізгі тақырыпты талдау, негізделген және дәлелді қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға бағытталған тапсырмалардан тұрады.

7.1.3 Физика, химия, биология

Емтихан материалы оқушылардың фактілер, заңдар, анықтамалар, принциптер мен әдістер туралы білімдерін көрсету және пайдалану, сондай-ақ ақпаратты талдау және есептер шығару, жоспарлау, бақылау, тіркеу және талдауды қамтитын эксперименттік дағдылары мен біліктерін қолдану және бағалау қабілеттерін бағалауға бағытталған тапсырмалардан тұрады.

7.1.4 Қазақ тілі мен әдебиеті (Т1) / Русский язык и литература (Я1)

Емтихан материалы оқушылардың мәтіндердің айрықша ерекшеліктерін анықтау, мақсат, көзделген аудитория, жанр, тілдің бейнелеу-экспрессивті құралдары, стилистикалық құралдар, сөз тәртібі мен сөйлем құрылымы, мазмұны сияқты аспектілерге түсініктеме беру, баяндау/сипаттау мәтінін жазу, белгілі бір мақсатты аудиторияға арналған дәлелдеу/пікірталас мәтінін жазу қабілеттерін бағалауға бағытталған тапсырмалардан тұрады.

7.1.5 Қазақ тілі мен әдебиеті (Т2) / Русский язык и литература (Я2)

Емтихан материалы оқушылардың оқығанды түсіну, тілдік нормаларды басқару және идеялар мен пікірлерді тиімді ұсыну, сондай-ақ белгілі бір мақсатқа және белгілі бір мақсатты аудиторияға сәйкес дәл және орынды жаза білу дағдыларын көрсету қабілеттерін бағалауға бағытталған тапсырмалардан тұрады.

7.1.6 Информатика

Емтихан материалы оқушылардың компьютерлік жүйелердің қасиеттерін түсіну, деректерді өңдеу әдістері мен нәтижелерін сипаттау, сондай-ақ есептер шығару, сценарийлерді модельдеу, әртүрлі форматтағы ақпаратты тану және алгоритмдерді, бағдарламалау тілдерін тиісті аппараттық және бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалана отырып тиімді шешімдерді әзірлеу үшін білімін пайдалану қабілеттерін бағалауға бағытталған тапсырмалардан тұрады.

7.2

11-сынып

11-сыныптағы сыртқы жиынтық бағалау жоғары мектеп мазмұнын қамтиды және оқыту тілінде жүргізіледі. Оқушылардың білімі мен білігі деңгейін анықтау үшін әртүрлі типтегі және қиындық деңгейі әртүрлі тапсырмалар, сондай-ақ олардың жетістіктерін кешенді бағалауды қамтамасыз ететін бірнеше компоненттер пайдаланылуы мүмкін.

7.2.1 Қазақ тілі мен әдебиеті (Т2) / Русский язык и литература (Я2).

Емтихан материалы оқушылардың мәтіннен алынған ақпаратты пайдалану, өз идеялары мен пікірлерін білдіру, қорытынды жасау, сондай-ақ идеяларды ұйымдастыру және дамыту дағдыларын, оларды жаһандық және ұлттық мәселелермен қисынды түрде байланыстыру, лексикалық бірліктер мен грамматикалық құрылымдарды дұрыс пайдалану дағдыларын көрсету қабілеттерін бағалауға бағытталған тапсырмалардан тұрады.

7.2.2 Ағылшын тілі

Емтихан материалы оқушылардың оқығанды түсіну, тілдік нормаларды басқару және идеялар мен пікірлерді тиімді түрде ұсыну, қорытынды жасау, мәдени аспектілерді және олардың жасырын мағыналарын ескеру, лексикалық қорды және әртүрлі синтаксистік құрылымдарды дұрыс пайдалану дағдыларын көрсету қабілеттерін бағалауға бағытталған тапсырмалардан тұрады.

7.3

12-сынып

12-сыныптағы сыртқы жиынтық бағалау жоғары мектеп мазмұнын қамтиды және оқыту тілінде жүргізіледі. Оқушылардың білімі мен білігі деңгейін анықтау үшін әртүрлі типтегі және қиындық деңгейі әртүрлі тапсырмалар, сондай-ақ олардың жетістіктерін жан-жақты бағалауды қамтамасыз ететін бірнеше компоненттер пайдаланылуы мүмкін.

7.3.1 Математика

Емтихан материалы оқушылардың математикалық фактілерді, ұғымдар мен әдістерді көрсету, таңдау және пайдалану, әртүрлі контекстердегі есептерді шығару үшін математикалық және статистикалық деректерді, ұғымдар мен тәсілдерді қолдану, логикалық тұжырымдар мен қорытындыларды қолдана отырып, негізделген аргументтер мен дәлелдер ұсыну қабілеттерін бағалауға бағытталған тапсырмалардан тұрады.

7.3.2 Қазақстан тарихы

Емтихан материалы оқушылардың қазіргі Қазақстанның ұлттық мүдделері мен даму идеологиясын іске асыру үшін саяси, экономикалық, әлеуметтік процестерді түсіну қабілетін, сондай-ақ өз бетінше зерттеу жүргізу, негізгі тақырыпты тиімді түрде талдау, өзінің азаматтық ұстанымы бойынша негізделген және дәлелді тұжырымдар жасау дағдыларын бағалауға бағытталған тапсырмалардан тұрады.

Мәселені анықтау, ақпаратты іздеу, талдау, өз көзқарасын негіздеу дағдылары оқушылардың оқу жылы ішінде орындайтын курстық жұмысы арқылы бағаланады.

7.3.3 Физика, химия, биология

Емтихан материалы оқушылардың ғылыми құбылыстар, фактілер, заңдар, анықтамалар,

ұғымдар мен теориялар туралы білімдері мен түсініктерін көрсету, ақпаратты, жұмыстың барлық кезеңдерін талдау және бағалау, қорытынды жасау, гипотезалар ұсыну және оларды бағалау, сандық көрсеткіштер негізінде мәселелердің шешімін табу, эксперименттік бақылаулар мен деректерді түсіндіру және бағалау, мәселелерді анықтау, зерттеулерді жоспарлау, ықтимал жақсарту жолдарын ұсыну және дәлдікті ескере отырып деректерді жазу қабілеттерін бағалауға бағытталған тапсырмалардан тұрады.

7.3.4 Информатика

Емтихан материалы оқушылардың компьютерлік жүйелердің сипаттамаларын түсіну, есептерді шешу принциптерін көрсету, деректерді жинау мен өңдеудің әртүрлі нысандарының қажеттілігін сипаттау, тиісті терминологияны қолдану, сондай-ақ есептер шығару үшін білімін қолдану, модельдер жасау, жүйелерді әзірлеу циклін пайдалану, компьютерлік шешімдерді әзірлеу, бағдарламалық код жазу және тиімді шешімдер жобалау қабілеттерін бағалауға бағытталған тапсырмалардан тұрады.

7.3.5 География

Емтихан материалы оқушылардың процестер мен құбылыстарды түсіндіру, әртүрлі деректер мен дереккөздерді талдау, физикалық және экономикалық география тақырыптары бойынша проблемаларды анықтау және олардың шешімдерін бағалау қабілеттерін бағалауға бағытталған тапсырмалардан тұрады.

7.3.6 Қазақ тілі мен әдебиеті (Т1) / Русский язык и литература (Я1).

Емтихан материалы оқушылардың мәтіндердің айрықша ерекшеліктерін анықтау, мақсат, көзделген аудитория, жанр, тілдің бейнелеу-экспрессивті құралдары, стилистикалық фигуралар, сөз тәртібі мен сөйлем құрылымы, мазмұны сияқты аспектілерге түсініктеме беру, баяндау/сипаттау мәтінін жазу, белгілі бір мақсатты аудиторияға арналған дәлелдеу/пікірталас мәтінін жазу қабілеттерін бағалауға бағытталған тапсырмалардан тұрады.

8. Бағалау материалын әзірлеу

8.1 Міндеттер

Зияткерлік мектептердегі жиынтық бағалаудың валидтілігі мен сенімділігін ПӨО қамтамасыз етеді.

ПӨО емтихандарды әзірлейтін Зияткерлік мектептерге қатысты тәуелсіз ұйым болып табылады және емтиханның құпиялылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

ПӨО емтихан материалдарын әзірлеуге, бағалау рәсімін жүргізуге, оның шынайылығын қамтамасыз етуге жауапты.

Бағалаудың шынайылығы емтихан материалдарының тест спецификацияларына сәйкес әзірленгеніне, ДББҰ құқықтық актілерге сәйкес қауіпсіз жағдайларда өткізілгеніне және нәтижелердің осындай жағдайларда бағаланғанына кепілдік береді.

8.2 Мақсаттар

Зияткерлік мектеп оқушыларына сыртқы жиынтық бағалау жүргізудің мақсаты – әзірленіп жатқан бағалау құралдары арқылы олардың білімдерін, біліктері мен құзыреттерін объективті бағалау.

8.3 Тест спецификациясы

Сыртқы жиынтық бағалау бойынша тест спецификациясы емтиханның құрылымын, оның мазмұнын, форматын және бағалау критерийлерін сипаттайтын құжат болып табылады. Ол емтихан материалдарын дайындауға қатысатын жұмысшыларға, сондай-ақ мұғалімдер мен оқушыларға арналған. Мақсаты – емтиханға тиімді дайындық жүргізу мен оның талаптарын дұрыс түсінуді қамтамасыз ету.

Тест спецификациясына мыналар кіреді:

- бағалау мақсаты;
- халықаралық стандарттармен, оқу бағдарламасымен және критериалды бағалау моделімен өзара байланыс;
- емтихан жұмыстарының саны және олардың құрылымы;
- әрбір емтихан жұмысын орындау уақыты;
- бағалау міндеттерімен тексерілетін дағдылардың сипаттамасы;
- емтихан жұмыстары бойынша балдарды бөлу;
- емтиханды өткізу тілі;
- емтихан өткізу процесін басқару;
- балдар мен бағаларды қою процесі;
- тапсырмалар мен балл қою кестелерінің мысалдары.

8.4 Пәндер бойынша емтихан материалдарын әзірлеу жөніндегі нұсқаулық

Емтихан материалдарын дайындау жөніндегі нұсқаулықтарды ПӨО әзірлейді және емтихан материалдарын әзірлеуге, сараптама жасауға, оқып-тексеруге, редакциялауға, басқа тілдерге аударуға және графикалық рәсімдеуге қатысатын барлық адамдарға арналған. Нұсқаулықтың мақсаты әдістемелік қолдау көрсету және емтихан материалдарын дайындауға қатысатын тұлғалар үшін ақпарат беру болып табылады.

Нұсқаулықтарда халықаралық талаптарға сәйкес сыртқы жиынтық бағалау үшін емтихан материалдарын дайындаудың негізгі принциптері, сондай-ақ тапсырмалардың мысалдары мен балл қою кестелері бар емтихан материалдарын дайындауға қойылатын талаптар көрсетілген.

Емтихан материалдарын дайындау жөніндегі нұсқаулықтар сыртқы жиынтық бағалаудың форматы немесе талаптары өзгерген жағдайда қайта қаралуға тиіс.

8.5 Функционалды рөлдер

Емтихан материалдарын дайындауға келесі қызметкерлер қатысады:

- **Пән маманы** – өз пәні бойынша бағалауды дайындаудың жалпы процесіне жауап беретін және өз пәні шеңберінде кәсіби білімі мен дағдылары бар ПӨО қызметкері. Пән маманы өз пәні бойынша емтихан материалдарын дайындаудың барлық кезеңдерінде олардың қауіпсіздігі мен құпиялылығын қамтамасыз етеді. Оның рөлі ақпараттың қорғалуын бақылауды және барлық қажетті қауіпсіздік шараларын сақтауды қамтиды.
- **Құрастырушы** – пәнге байланысты емтихан материалдарын, балл қою кестелерін және ілеспе материалдарды жасауға жауапты тұлға.
- **Сарапшы** – оқу бағдарламасына және тест спецификациясына сәйкес балл қою кестелері бар емтихан материалдарының мазмұнына сараптама жүргізуге жауапты тұлға.
- **Аудармашы** – емтихан материалдарын аударуға және контексті түсінікті етіп жеткізуді жүзеге асыруға, сондай-ақ олардың әртүрлі тілдерде салыстырмалылығын қамтамасыз етуге жауапты тұлға.

8.6 Емтихан материалдарын дайындау

Емтихан материалдары мен балл қою кестелерін дайындау білімді, дағдыларды және тәжірибені қажет етеді. Емтихан материалдары бағалау мақсатына сай ғана емес, сонымен қатар жыл сайын оқытудың кез келген деңгейінде бағалау стандартын қамтамасыз етуі керек.

Әрбір жеке пән бойынша емтихан материалдарын дайындау келесі кезеңдерден тұрады:

- құрастырушы емтихан материалдары мен балл қою кестелерін жасайды;
- пән маманы бастапқы сараптаманы жүзеге асырады;
- құрастырушы пән маманының немесе сарапшының кері байланысына сәйкес жұмысты жетілдіреді және емтихан материалдарын өңдейді;
- емтихан материалдарының сапасын Бағалау комитетінің отырысында немесе емтихан материалдарына сараптама жасау жөніндегі жұмыс кездесуінде емтихан жұмыстарының редакцияланған нұсқалары және балл қою кестелері қайта қаралады, түзетулер талқыланады және қорытынды нұсқасы бекітіледі. Әрі қарай емтихан материалдарының соңғы нұсқасы және

балл қою кестелері пән маманының басшылығымен тест спецификацияларына сәйкестігі және типографиялық қателердің болмауына қатысты тексеріледі.

9. Емтихандарды өткізу және бағалау


9.1 Емтихандарды өткізу

Барлық емтихандар емтихан материалдарының құпиялылығы мен қауіпсіздігін ескере отырып жүргізілуі тиіс. Назарбаев Зияткерлік мектептері оқушыларының оқу жетістіктеріне сыртқы жиынтық бағалауды ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі нұсқаулықты басшылыққа алу қажет.

9.2 Оқушылардың жұмысын бағалау

Объективті бағалаудың негізі – оқушы нәтижесінің жұмысты бағалайтын адамнан тәуелсіздігі.

Стандарттау, мониторинг, модерация және кері байланыс барлық емтихан алушылардың оқушылар жұмысын бірдей бағалауына кепілдік үшін қолданылады. Әрбір пән бойынша сыртқы жиынтық бағалаудың Аттестаттау комиссиясы төрағасы жұмыстарды бағалау процесінде емтихан алушылар тобын мынадай құрылымға сәйкес үйлестіреді:



Оқушылардың жұмысын бағалау процесі оқушылардың емтихан жұмыстарын іріктеп таңдаудан басталады, содан кейін бас емтихан алушылардың топ жетекшілерімен үйлестіру кеңесі өтеді, оған таңдалған емтихан жұмыстарын қарау және талқылау, олардың сапасын талдау, оқушылардың орындаған және орындамаған тапсырмалары және балл қою процесі, атап айтқанда бағалау критерийлері және бағалауға байланысты ықтимал сұрақтар немесе мәселелер кіруі мүмкін. Бұл балл қою кестесі мен оны барлық емтихан алушылардың қолдануы туралы бірдей түсінік береді. Үйлестіру жиналысынан кейін топ жетекшілері емтихан алушылармен осындай үйлестіру жиналысын өткізеді, онда таңдалған емтихан жұмыстары да қарастырылады және талқыланады және олардың сапасын талдау, оқушылардың орындаған және орындалмаған тапсырмалары мен балл қою процесі, атап айтқанда бағалау критерийлері және бағалауға байланысты ықтимал сұрақтар немесе мәселелер кіруі мүмкін.

Топ жетекшілері балл қоюдың объективтілігін бағалау үшін емтихан алушылар бағалаған емтихан жұмыстарын кездейсоқ таңдап алып, модерация жүргізеді. Модерация нәтижесі бойынша емтихан алушыларға кері байланыс беріледі және егер топ жетекшілері емтихан алушылардың бағалау стандартынан ауытқығанын байқаса, бұрын бағалаған жұмыстары қайта тексеріліп, балдары түзетіледі. Топ жетекшілерінің тексерген жұмыстарын өз кезегінде бас емтихан алушы тексереді. Зияткерлік мектептер оқушыларының емтихан жұмыстарын бағалау ПӨО базасында жүргізіледі.

9.3 Курстық жұмыстарды бағалау және модерациялау

Курстық жұмыстарды бағалау келесі жолмен жүзеге асырылады:

- пән мұғалімдері жұмысты бағалайды;
- Зияткерлік мектеп ішінде ішкі модерация жүргізіледі;
- ПӨО базасында сыртқы модерация жүргізіледі.

Курстық жұмыстарды жазу кезінде академиялық адалдық барлық деңгейде сақталуы керек. Мұғалімдер жұмыс жасау процесін бақылап, академиялық адалдықты сақтаудың маңыздылығы туралы оқушылармен түсіндірме әңгімелер жүргізу керек.

Зияткерлік мектеп әкімшілігі ережелердің сақталуын қамтамасыз етуі және бұзушылықтар анықталған кезде шаралар қабылдауы тиіс.

9.4 Стандарттар және бағалар

Жұмыстарды тексеру және барлық балдарды қою аяқталғаннан кейін бағалау стандарттарын орнату процесі басталады.

Бағалардың орнына балдарды пайдалану осы бағалаумен байланысты жетістік стандартының сипаттамалық критерийлерін белгілеу арқылы бағалау мәнін анықтауға мүмкіндік береді.

Бұл стандарттар жылдан-жылға сақталады және кәсіби шешім мен статистикалық мәліметтердің жиынтығына негізделеді.

Бұл дегеніміз, екі бағалау арасындағы айырмашылыққа негізделген шешімнің объективтілігі балдар арасындағы айырмашылыққа қарағанда әлдеқайда жоғары. Бағалау стандарты осы бағалауларда көрсетілген және бағалау процесі бағалаушы органға бағалаудың бірінші жылында тиісті стандарттарды белгілеуге және келесі жылдары бірдей стандарттарды ұстануға мүмкіндік береді. Бағалау стандарты осы бағалармен көрсетіледі және бағалау процесі бағалаушы органға бірінші бағалау жылында тиісті стандарттарды белгілеуге және кейінгі жылдары сол стандарттарды сақтауға мүмкіндік береді.

Зияткерлік мектептер 10, 11 және 12 сыныптардағы сыртқы жиынтық бағалау үшін A*, A, B, C, D, E және U бағаларын пайдаланады. Бұл «бағалау жүйесі» апробациядан өтіп, тестілеу жасалды және бұл халықаралық стандарттармен салыстыруға көмектеседі.

A*, A, B, C, D, E және U баллдық жүйесін пайдалану кезінде ең төменгі балл шектері A, C және E ұпайлары әдетте кәсіби шешім мен статистикалық мәліметтер негізінде анықталады. Басқа бағалар арифметикалық жолмен есептеледі. Әрбір бағалау үшін ең төменгі рұқсат етілген балл туралы шешімдер (шекті балл) әртүрлі техникалық және статистикалық мәліметтермен, сондай-ақ Аттестаттау комиссиялары төрағаларының кәсіби шешімдерімен расталады.

9.4.1 Стандартты анықтау

Бірінші емтихан аяқталғаннан кейін және барлық балдар қойылғаннан кейін оқушылардың нәтижелерін талдау және бағалау үшін негізгі шекті ұпайларды белгілеу үшін Аттестаттау комиссиясы мүшелерінің кездесуі өткізіледі. Бұл процесте келесі жылдары қолданылатын стандарттар анықталады. A, C және E «негізгі» бағалар стандарттары оқушылардың жұмыстарына, емтихан материалдарының күрделілік деңгейіне, статистикалық мәліметтерге, кәсіби пайымдауға және тест спецификациясында берілген бағалардың сипаттамасына негізделген бас емтихан алушылар мен басқа пән сарапшыларының шешімімен белгіленеді. Басқа деректерді де негізге алуға болады:

- оқушылардың алдыңғы сыртқы жиынтық бағалауда алған бағалары, олардың негізгі жетістіктеріне объективті баға бере алады.
- Кембридж біліктіліктеріне эквиваленттілікті қамтамасыз ету үшін 12-сынып пәндері бойынша сыртқы жиынтық бағалау қорытындылары бойынша салыстырмалылықты зерттеу нәтижелері.
- осы пән бойынша өткен жылдары сол сыныпта сәйкес баға қойылған сыртқы жиынтық бағалау емтихан жұмыстарының үлгілері.

Аттестаттау комиссиясы оқушылардың оқу жылына қарамастан бағалау стандарттарын қамтамасыз етуді ұстанады.

Бағалау шекаралары белгіленіп, оқушыларға алдын ала бағалар қойылғаннан кейін Аттестаттау комиссиясының төрағасы ПӨО пән мамандарының жетекшілігімен бағаларға шолу бойынша отырыс өткізеді. Бұл отырыстың мақсаты сәйкес емес баға алу қаупі бар оқушыларға олардың жетістіктеріне сәйкес келетін бағалар қойылатынын растау болып табылады. Мұндай оқушыларға ұпайлары шекті балға тым жақын оқушылар жатады (ескертпе: шекті балдар арасындағы шекара болып табылады және оларды бөледі), сондықтан бағалаудағы шамалы өзгерістер де оның жоғарылауына немесе төмендеуіне әкелуі мүмкін. Осылайша, бағалауды шолу отырысы бағалау шекараларында балл санау қателіктерінің ықтималдығын азайтады.

9.4.2 Стандартты сақтау

Жыл сайынғы сыртқы жиынтық бағалау процесінде Аттестаттау комиссиясы стандартты сақтау үшін көптеген сенімді көздерге жүгінеді, оған мыналар кіруі мүмкін:

- Кембридж біліктіліктеріне эквиваленттілікті қамтамасыз ету үшін 12-сынып пәндері бойынша сыртқы жиынтық бағалау қорытындылары бойынша салыстырмалылықты зерттеу нәтижелері. Бұл зерттеулердің мақсаты – 12-сыныптардағы сыртқы жиынтық бағалау стандарттары олардың халықаралық әріптестерінің қолданысына қатысты өзгермегенін тексеру.
- өткен жылдардағы оқушылардың жұмысындағы шекаралық балдарды ағымдағы бағалау кезеңінің шекаралық балдарымен салыстыру, нәтижелердің динамикасын зерттеу және бағалауға әсер ететін факторларды анықтау.
- оқушылардың алдыңғы сыныптардағы оқу жетістіктері туралы мәліметтер. Орташа балдың өзгеруін, стандартты ауытқуды және осы балға жеткен оқушылардың жиынтық пайызын қоса алғанда, қазіргі және алдыңғы сыртқы жиынтық бағалаулар үшін балдарды бөлуді салыстыру.
- оқушылардың жетістіктерін тікелей және жанама түрде растайтын немесе жоққа шығаратын басқа материалдар.

9.5 Материалдар мен деректердің қауіпсіздігі мен құпиялылығы

Емтихан материалдарын дайындау процесінің шеңберінде емтихан материалдарын дайындаудан бастап нәтижелерді ресми жариялауға дейінгі барлық кезеңдерде қауіпсіздік пен құпиялылықтың жоғары стандарттары қамтамасыз етіледі. Ол үшін әртүрлі шаралар қолданылады, соның ішінде деректерді шифрлау және тек уәкілетті адамдар үшін материалдарға қолжетімділікті шектеу.

Материалдардың тұтастығына оларды дайындау және сыртқы жиынтық бағалау процесінде өзгерістер мен зақымдарды болдырмау үшін кепілдік беріледі.

Емтихан материалдарына қол жеткізуді бақылау тексерудің ашықтығы мен мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін құжатталады.

Сынақ матрицалары, балл қою кестелері және сарапшылардың кері байланысы сияқты құпия материалдар құпиялылық жағдайда өңделеді, бұл оларды рұқсатсыз пайдалануға жол бермейді.

Пән мамандары дайындықтың барлық кезеңдерінде материалдардың қауіпсіздігі мен құпиялылығына жауап береді, бұл процесті қатаң бақылауды қамтамасыз етеді.

ПӨО бөлім басшысы / директордың орынбасары барлық сыртқы жиынтық бағалау пәндері бойынша деректер мен емтихан материалдардың қауіпсіздігі мен құпиялылығына жауап береді.

Емтихандарды дайындауға, көбейтуге, буып-түюге және өткізуге қатысатын әрбір қызметкер құпиялылықты сақтау барысында өзінің жауапкершілігін түсінеді және белгіленген ДББҰ құқықтық актілерге сәйкес әрекет етеді.

Сонымен қатар, ПӨО директоры емтихан материалдары мен деректердің дайындалуына және құпиялылығын қамтамасыз етуге жалпы бақылауды жүзеге асырады, ақпараттың шығу қаупін барынша азайту үшін қажетті шараларды қабылдайды.

9.6 Нәтижелерді жариялау

ПӨО апелляция өткізілгенге дейін және одан кейін ведомостарды жіберу арқылы Зияткерлік мектеп оқушыларының нәтижелері туралы ақпаратты ұсынады, онда сыртқы жиынтық бағалау жүргізілетін күн, оқушылар, сыртқы жиынтық бағалау жүргізілген пәндер және алынған балдар мен бағалар туралы мәліметтер бар.

Ведомостегі нәтижелер туралы ақпарат апелляцияны есепке алмағанда түпкілікті емес және оқушыларға апелляцияға мүмкіндік береді.

9.7 Нәтижелерді апелляциялау

Егер оқушы балл қою кезінде қате пайда болды деп есептесе, оқушы Апелляциялық комиссияның емтихан жұмысын (курстық жұмыстарды қоспағанда) қарауға өтініш бере алады.

Бағалау нәтижелерін қайта қарау қойылған балдар мен бағалардың дұрыстығын тексеру болып табылады.

Апелляциялық комиссия балл қою кезінде техникалық қателер анықталған жағдайда балды өзгерте алады.

Бұл ретте тексерілген емтихан жұмыстары оқушылардың, олардың ата-аналарының немесе заңды өкілдерінің қолына берілмейді.

Апелляциялық комиссияның шешімі түпкілікті болып табылады.

9.8 Сертификаттарды шығару

Апелляция аяқталғаннан кейін 12-сынып оқушыларының нәтижелері NIS Grade 12 Certificate сертификаттарында әріптік бағалау түрінде көрсетіледі.

Егер оқушы сыртқы жиынтық бағалау бойынша U бағасын алған немесе оның нәтижесі жойылған жағдайда ол пән сертификатта көрсетілмейді.

Барлық пәндер бойынша сыртқы жиынтық бағалау нәтижелері жойылған жағдайда сертификат берілмейді.